

Келісім шарт №

«Бірлік орта мектебі» МКМ

01.09.2021ж.

Біз, төмендегі шарт жасаушылар: «Жалға беруші» «Бірлік орта мектебі» МКМ директоры Г.З.Кембебаева және осы мектептің асханасын «Жалдаушы» ИП «Айару» меңгерушісі Атраубаева Айгүл төмендегіше келісім шартқа отырдық. Мектептің жалға берілетін асханасының ауданы - 40м².

«Жалға беруші» міндеттеледі:

1. Мектеп асханасы арқылы тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушыларды анықтайды.

2. Тегін ыстық тамақ ішетіндерге арналған калькуляция (тамақ түрлері мен құны негізгі жалпыға бірдей міндетті білім қорынан қаражатты асхана жалдаушысы кәсіпкердің шотына аударып береді.

3. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуына, тамақтың сапасына, тамақ (шамасының) нормасының дұрыстығына күнделікті бақылау жасайды.

4. Аударылған қаржының дұрыс жұмсалуды бақылайды, тексереді.

Жалдаушы кәсіпкер міндеттеледі:

1. Есеп шотына аударылған қаржыға азық-түлік алады. Алынған азық-түліктің сапалығын анықтайтын құжат және бағасы туралы чек алады, мектеп бухгалтериясына материалдық есеп береді.

2. Жасалынған калькуляция бойынша ыстық тамақ жасап, мектеп әкімшілігінің берген тізімі бойынша оқушыларды тамақтандырады.

3. Оқушыларға берілетін ыстық тамақтың сапасы, дәмі, дұрыс болуына жауап береді.

4. Мектеп асханасының тазалығын санитарлық талаптарға сай, өрт қауіпсіздігінің сақталуын қадағалайды, мүліктің сақталуына жауап береді.

5. Мектептің асханасын жалдаушы жетім, жартылай жетім, аз қамтылған, жағдайы төмен, денсаулығында ақауы бар 15 оқушыны тегін ыстық тамақпен тамақтандырады.

6. Мектеп әкімшілігінің талаптарына сәйкес жұмыс істейді.

7. Мектеп асханасының режимін бұзбайды, сақтайды, ағымдық жөндеуден өткізіп тұрады.

8. Келісім шарттағы талаптарды орындау екі жақта міндеттеледі. Жоғарыдағы тараптар талаптарды орындамаған жағдайда келісім шарт біржақты бұзылады.

Келісім шарт екі данада жасалды.



Мектеп директоры
Г.З.Кембебаева

Асхананы жалдаушы кәсіпкер
ИП «Айару»

Айгүл - Атраубаева Айгүл

Келісім шарт

«Бірлік орта мектебі» МКМ

01.09.2021ж.

Біз, төмендегі келісім жасаушылар, «Жалға беруші» «Бірлік орта мектебі» МКМ директоры Г.З.Кембебаева бір жағынан, «Жалға алушы» ИП «Айару» меңгерушісі Атраубаева Айгүл төмендегі келісім шартты жасадық.

1. «Жалға алушы» өзіне мына міндеттерді қабылдайды:

1.1. Оқушыларға берілетін ыстық тамақтың сапалы болуына жауапты.

1.2. Мектеп асханасының санитарлық талапқа сай, өрт қауіпсіздігінің сақталуын қадағалайды.

1.3. Жалға алған мектеп асханасын (40,0 ш.м.) объектісін ұстауға шығатын шығындарды (күзет, коммуналдық қызмет және т.б) төлеу есебі міндеттеледі.

1.4. Мектеп әкімшілігінің тарапына сай жұмыс жасайды.

1.5. Мектеп асханасының режимін бұзбайды.

1.6. «Жалға алушы» асхана есебінен 27 балаға тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуге міндеттелді.

2. «Жалға беруші» өзіне мына міндеттерді қабылдайды.

2.1. «Жалға алушыға» жалға алған объектіні келісім шартта көрсетілген уақытта босатып беруге міндеттеледі.

2.2. Келісім шартта көрсетілген уақытта «Жалға алушының» жұмысына кедергі келтірмеуге міндеттеледі.

2.3. Келісім шарт мерзімі 01.06.2022 жылға дейін.

Жоғарыдағы тараптар талаптарды орындамаған жағдайда келісім шарт біржақты бұзылады.

Мектеп директоры
Г.З.Кембебаева



Жеке кәсіпкер

ИП «Айару»
Атраубаева Айгүл